




Келісілді:
Оқу ісінің меңгерушілері:
Алиманов А.Ж
Шокаева А.Т


.....
01.09.2022 ж

ӘБ отырыстарында қаралды:
ӘБ жетекшісі: Соспанова Ж.С.

Хаттама №1


.....
24.08.2022 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша
жылдық перспективалық жоспар
Мектепалды даярлық топ

2022-2023 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Топ/сынып : Мектепалды даярлық О « А » сыныбы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	ҮІӘ	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	ҮІӘ тақырыбы	Күні
Қыркүйек	Дене шынықтыру	-Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін	«Спортзал»	04.09
		- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету	«Спортзалда ойнаймыз»	06.09
		- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету	«Денсаулықтың құпиялары»	07.09
		-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см).	«Күлкі сыйла»	11.09
		-таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету	«Біз күшті және ержүректіміз»	13.09
		-Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету	«Мен ойнағанды жақсы көремін»	14.09
		-«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру	«Керуен»	18.09
		- модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру	«Күзгі орманда»	20.09
		Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету	«Ұлттық ойындар»	21.09
		- алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын арттыру	«Қалай спортшы болуға болады?»	25.09
- музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын арттыру	«Менің сүйікті жануарларым»	27.09		

		- бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу	«Дене қабілеттерін дамыту»	28.09
		-«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету	«Мектептегі алғашқы күн».	04.09
		- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту	«Мектептегі алғашқы күн».	06.09
Қыркүйек	Сөйлеуді дамыту	- Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.	«Менің досым»	11.09
		- Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту	«Менің досым»	13.09
		-«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету	«Менің сүйікті ойыншығым»	18.09
		- Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	«Менің сүйікті ойыншығым»	20.09
		- Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу	«Күз бояуы»	25.09
		- Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.	«Күз бояуы»	27.09
Қыркүйек	Көркем әдебиет	- Балаларды мектепке деген қызығушылығын арттыру. Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	«Білімнің бұлағың»	01.09
		- Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	«Білімнің бұлағың»	07.09
		- балаларды күз мезгілімен таныстыру,күзде көкөніс,жемістерді көп беретінін түсіндіру	«Күз жомарт»	08.09
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	«Күз жомарт»	14.09
		- Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру	«Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)	15.09
		- Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру,	«Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)	21.09
		- жеміс түрлерімен таныстыру ,жемістер пайдалы екенін айту, көңіл күймен мазмұндауға үйрету.	«Жемістер жыры»	22.09
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.	«Жемістер жыры»	28.09
		- Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу	«Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі)	29.09
		- Дыбыс туралы түсінік беру.	«Дыбыс»	05.09
		-дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру	«Дыбыс пен сөз »	06.09

Сауат ашу негіздері	-: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр	«Сөз»	07.09	
	-Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету	«Сөз. Сөздің мағынасы»	12.09	
	- Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру	« Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?»	13.09	
	-А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу	«Дауысты дыбыстар»	14.09	
	-дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру	«Жуан дауысты дыбыстар»	19.09	
	-жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру	«Жіңішке дауысты дыбыстар»	20.09	
	- Жуан және жіңішке дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру	«Жуан,жіңішке дауысты дыбыстар»	21.09	
	-Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру	«Дауыссыз дыбыстар»	26.09	
	-дауысты дыбыстар туралы білгенін айту	«Біз нені үйрендік?»	27.09	
	-: тапсырмалар орындау арқылы дыбыстар орнын тапқызуға үйрету.	«Біз нені үйрендік,нені білдік?»	28.09	
Қыркүйек	Математика негіздері	-«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту	«Біреу – көп»	05.09
		-балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.	«Біреу – көп»	06.09
		- балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті («үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету	«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»	07.09
		-- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу	«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»	12.09

		- Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу	«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»	13.09
		- бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату	«1және 2 сандары»	14.09
		-заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету	«1және 2 сандары»	19.09
		- цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру	«3 және 4 сандары»	20.09
		-заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету	«3 және 4 сандары»	21.09
		- 5,6 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру	«5, 6 сандары»	26.09
		-7, 8, 9 сандарын санату, заттарды санау дағдыларын дамыту	7, 8, 9 сандары»	27.09
		- дұрыс санау мен зейін мен логикалық ойлауды дамыту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	7, 8, 9 сандары»	28.09
Қыркүйек	Қоршаған ортамен таныстыру	- Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.	«Бізді не қоршап тұр?»	01.09
		- Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру.Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту.	Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?	04.09
		- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.	«Табиғатта не өзгерді?»	08.09
		- Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру	«Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды.»	11.09

		- Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету	«Нан қайдан келеді?»	15.09	
		-«Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу.Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру	«Менің Отаным – Қазақстан»	18.09	
		-Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету.	« Ағаш және бұта»	22.09	
		- Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері»	25.09	
		- Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту	«Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?»	29.09	
Қыркүйек	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Сурет салу	- балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету.	«Ағаш бұтақтары»	01.09
		Мүсіндеу	- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,ағаш бұтақтарын мүсіндеу		
		Жапсыру	- жырту,умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету		
		Құрастыру	- табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындайбілуге үйрету.		
		Сурет салу	- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру,		
		Мүсіндеу	- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге		

		машықтандыруды жалғастыру		
	Жапсыру	- қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту		
	Құрастыру	- ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу		
	Сурет салу	- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту	«Тостаған»	15.09
	Мүсіндеу	-тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету		
	Жапсыру	- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру		
	Құрастыру	- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру		
	Сурет салу	- балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету	«Торсық»	22.09
	Мүсіндеу	- ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту		
	Жапсыру	- саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру		
	Құрастыру	- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру		
	Сурет салу	- балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру	«Жаңбырлы күн»	29.09
	Мүсіндеу	- маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту;:балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту		
	Жапсыру	- жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету; өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру		
Құрастыру	- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру			
Қыркүйек	Музыка	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету	«Білімнің – бұлағың»	01.09
		- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту	«Білімнің – бұлағың»	05.09
		- Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.	«Нота үйренейік»	08.09
		- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру	«Нота үйренейік»	12.09

		- Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру	«Көңілді ырғақтар»	15.09
		- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау	«Көңілді ырғақтар»	19.09
		- Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру	«Біздің аспаптар»	22.09
		- Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.	«Біздің аспаптар»	26.09
		- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру	«Күзгі серуен»	29.09
қыркүйек	Қазақ тілі	- Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету	«Менің мектебім»	04.09
		-сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту	«Біздің топ»	05.09
		-мектепке не үшін баратынын әңгімелеп айтып беру	«Біз мектепте не істейміз?»	11.09
		-мамандық иелерін құрметтеуге баулу	«Мектеп қызметкерлер»	12.09
		- Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету	«Менің ойыншықтарым»	18.09
		- Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	«Менің сүйікті ойыншығым»	19.09
		- Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу	«Алтын күз»	25.09
		-көкөністер туралы жұмбақ шешу, ойлау қабілеттерін арттыру	«Көкөністер»	26.09

Топ/сынып: Мектепалды даярлық О « А » сыныбы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі : Қазан айы 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы	Күні
Қ	Д е н е	-Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық	«Біз әртүрліміз»	02.10

	тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту		
	- Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту	«Зейінді боламыз»	04.10
	-Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту.	«Бірінші бол!»	05.10
	- Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту	«Командалық эстафеталар» (таза ауада)	09.10
	-Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табаңдарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту	«Ерекше сабақтар»	11.10
	- Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру	Акробат болғым келеді»	12.10
	- Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру.	«Ақылдылар»	16.10
	- Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	Бізбен бірге және бізден артық орында»	18.10
	- Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру.	«Біз – болашақ әскерміз!»	19.10

		-Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту	«Біздің стадион»	23.10		
		- Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. Әртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру.	«Менің отбасым»	26.10	25.10	
		-Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Әртүрлі жүгіру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Залдың ортасы арқылы сапқа қайта тұру дағдыларын жетілдіру	«Менің үйім»			
Қазан	Сөйлеуді дамыту	- Отбасы туралы білімдерін кеңейту.	Менің атам	02.10		
		-Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау	Менің атам	04.10		
		-«Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру.	Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)	09.10		
		- Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету	Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)	11.10		
		- Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу	Отбасының күзгі еңбегі	16.10		
		- Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету	Отбасының күзгі еңбегі	18.10		
		- Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету	Күзгі жапырақтар	23.10	25.10	
		- Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.	Күзгі жапырақтар			
Қазан	Көркем әдебиет	- Ойыншықтар туралы түсінігін тиянақтау. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	«Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау)	05.10		
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	«Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау)	06.10		
		- Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру	«Менің елімнің рәміздері»	12.10		

		арқылы сөйлеу тілдерін дамыту			
		- ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту,	«Менің елімнің рәміздері»	13.10	
		-диалогты сөйлеуін қалыптастыру	«Арыстан мен тышқан!»	19.10	
		- Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру	«Арыстан мен тышқан!»	20.10	
		-сурет бойынша әңгіме құрау	«Алтын астық»	26.10	
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	«Алтын астық»	27.10	
Қазан	Сауат ашу негіздері	-Тапсырмаларды орындату арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Қатаң дауыссыз дыбыстар»	03.10	
		-Ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату	Ұяң дауыссыз дыбыстар	04.10	
		-Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету	Үнді дауыссыз дыбыстар	05.10	
		-Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату	Үнді дауыссыз дыбыстар	10.10	
		-Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату	Біз нені үйрендік нені білдік?	11.10	
		-Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту	Біз нені үйрендік нені білдік?	12.10	
		-Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру	Дыбыстар әлемі	17.10	
		-Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру	Дыбыстар әлемі	18.10	
		-Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету	Буын	19.10	
		-Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыт	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	24.10	
		- . Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.	Буынға бөлейік	26.10	25.10
		- Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту	Ойнай отырып оқимыз		

Қазан	Математика негіздері	- 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру	10 саны	03.10
		- 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету.	10 саны	04.10
		- Өртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету	Заттарды өлшемі бойынша салыстыру	05.10
		- Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру.	Заттарды өлшемі бойынша салыстыру	10.10
		- ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.	Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.	11.10
		- Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.	Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.	12.10
		-Геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету.	Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш	17.10
		-Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.	Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш	18.10
		- . Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен	Дөңгелек және сопақша.	19.10

		ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету			
		-заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.	Дөңгелек және сопақша.	24.10	
		-геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.	Шар, текше, цилиндр	26.10	25.10
		-Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету	Шар, текше, цилиндр		
Қазан	Қоршаған ортамен таныстыру	- Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру	Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі.	02.10	
		- Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, 1 бір-бірінен ажырата білуге үйрету	Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?	06.10	
		- Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері	09.10	
		- Арнайы көліктердің қызметі туралы айта алу, көліктерді топтай білу, олардың адам өміріндегі маңызы жайлы түсініктерін дамыту. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері	13.10	
		- Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.	Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?	16.10	
		- Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсаукесер, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру	Менің елімнің салт-дәстүрі.	20.10	
		- Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту	Менің елімнің салт-дәстүрі.	23.10	
		- Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен	Жыл құстары	27.10	

		1 қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.			
Қазан	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Сурет салу	- қазақоюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру;	Қоржынды сәңдейміз	06.10
		Мүсіндеу	- аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру		
		Жапсыру	-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру		
		Құрастыру	- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру		
		Сурет салу	- балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;	Автобус	13.10
		Мүсіндеу	- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, мүсіндеу		
		Жапсыру	- жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу		
		Құрастыру	- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.		
		Сурет салу	- балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру;	Бидай масақтары	20.10
		Мүсіндеу	- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету		
Жапсыру	-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.				
Құрастыру	- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.				
		Сурет салу	- тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету	Сазбалшықтан жасалған табақ	27.10

		Мүсіндеу	-табақты мүсіндеу		
		Жапсыру	-геометриялық пішіндерден табак қию		
		Құрастыру	- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.		
Қазан	Музыка		- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру	«Күзгі серуен»	03.10
			- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.	«Күз – жомарт»	06.10
			- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту	«Күз – жомарт»	10.10
			- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту	«Күзгі жаңбыр»	13.10
			- музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру.	«Күзгі жаңбыр»	17.10
			- Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату.	«Сабантойды тойлаймыз»	20.10
			- Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау.	«Сабантойды тойлаймыз»	24.10
			- Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау	«Сабантойды тойлаймыз»	27.10
Қазан	Қазақ тілі		- , көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету	Көгөністер	02.10
			- жаңылтпашты жылдам әрі жатқаайта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	Жемістер	03.10
			-2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу	Жемістер	09.10

		дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.		
		- Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту	Жидектер	10.10
		- қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру	Жидектер	16.10
		- Ойнайық та ойлайық	Ойнайық та ойлайық	17.10
		- сұраққа толық жауап беруге машықтандыру	Ойнайық та ойлайық	23.10
		- санамақтар жаттау, тура және керісанау.	Неше? Санау	24.10

Топ/сынып: Мектепалды даярлық О «А » сыныбы
Балалардың жасы : 5 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі : Қараша айы 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы	Күні
Қараша	Дене шынықтыру	-Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Шұңқырға секіру жаттығуларын орындату: орындықтан аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту.	«Күшті, батыл және үлкен боламын!»	06.11
		- Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту	«Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру»	08.11
		-Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту..	«Мерген болғым келеді»	09.11
		- Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Жүгіру барысында қолдары мен иықтарын бос ұстап жүгіруге баулу.	Мерген болғым келеді»	13.11
		-Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту	«Әкем, анам және мен!»	15.11
		- Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.	«Әкем, анам және мен!»	16.11

		Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру		
		- Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындаушеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру.	«Отбасымызбен бірге жаттығамыз»	20.11
		- Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	«Отбасымызбен бірге жаттығамыз»	22.11
		- Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру.	«Отбасылық альбом»	23.11
		-Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты аяқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту	«Отбасылық альбом»	27.11
		- Балалаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету	«Хоккей ойнап үйренеміз!»	29.11
		- Балалаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету	«Хоккей ойнап үйренеміз!»	30.11
Қ араша	Сөйлеуді дамыту	- Өлеңді жаттату;	Шаштараз	06.11
		- Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру.	Шаштараз	08.11
		- Өңгіме мазмұнын толық айтуарқылы сөздік қорларын дамыту	Ең тәтті дүние	13.11
		- Дауыссыз дыбыстарды ажырата білуде дағдыларын дамыту	Ең тәтті дүние	15.11
		- Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Өңгіме)	20.11
		-Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту.	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Өңгіме)	22.11
		- Өңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша өңгіме құрауға үйрету	Қысқа дайындық (ертегі)	27.11

		- Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту.	Қысқа дайындық (ертегі)	29.11
Қараша	Көркем ебиет	- ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)	09.11
		- Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)	10.11
		- өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру	Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	16.11
		- Сурет бойынша әңгімелеуде теңеуді қолдануға үйрету	Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	17.11
		- ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу.	Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі)	23.11
		- Қоршаған орта, табиғат туралы түсінігін қалыптастыру	Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі)	24.11
		- Қоршаған орта, табиғат туралы түсінігін қалыптастыру	Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі)	30.11
Қараша	Сауат ашу негіздері	- Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту	Ойнай отырып оқимыз	07.11
		- үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету	Дыбыстық талдау	08.11
		- Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру	Дыбыстық талдау	09.11
		- Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту	Дыбыстық талдау	14.11
		- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру	Дыбыстық талдау	15.11
		-Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.	Дыбыстық талдау	16.11
		- Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру	Дыбыстық талдау	21.11
		- Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту	Дыбыстық талдау	22.11
		- Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.	Дыбыстық талдау	23.11

		- «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту	Дыбыстық талдау	28.11
		- . Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.	Дыбыстық талдау	29.11
		- . Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.	Дыбыстық талдау	30.11
Қ араша	Математика негіздері	- Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру	Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең	07.11
		- тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең	Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең	08.11
		- Уақытты циферблат арқылы анықтау.	Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең	09.11
		- апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.	Апта күндері	14.11
		- .Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру	Апта күндері	15.11
		- Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту	Апта күндері	16.11
		- айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атауға білімдерін қалыптастыру	Жыл мезгілдері.	21.11
		-Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету	Жыл мезгілдері.	22.11
		- табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту	Жыл мезгілдері.	23.11
		- заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру.	Ауыр. Жеңіл.	28.11
		- «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.	Ауыр. Жеңіл.	29.11
		- «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.	Ауыр. Жеңіл.	30.11

Қараша	Қоршаған ортамен таныстыру		- Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру	Жаяу жүргінші ережелері.	06.11
			- Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу.	Жаяу жүргінші ережелері.	10.11
			- Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсінік беру	Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері	13.11
			- осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер, күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру.	Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері	17.11
			- Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы түсініктерін нақтылау; судың қасиеттерімен таныстыру	Су – тіршілік көзі	20.11
			- Танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту	Су – тіршілік көзі	24.11
			- Проблемалық жағдайларды шешуді үйрену. Жанды организмнің қоршаған ортамен байланысы туралы түсініктерін нығайту. Сөздік қорларына «эколог», «экологиялық апат» сөздерін енгізу	Жас экологтер	27.11
Қараша	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Сурет салу	- балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;	Құмыра	10.11
		Мүсіндеу	- Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу		
		Жапсыру	- аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру		
		Құрастыру	- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру		
		Сурет салу	- балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;	Гүлдене бер, Қазақстан!	17.11
		Мүсіндеу	- Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.		
		Жапсыру	- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару		

		Құрастыру	- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.		
		Сурет салу	- ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету	Ертегідегі құс	24.11
		Мүсіндеу	- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау)		
		Жапсыру	- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру		
		Құрастыру	- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару		
Қараша	Музыка		- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру	«Елтаңбасы елімнің»	07.11
			- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру	«Елтаңбасы елімнің»	10.11
			- Әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту	«Гүлдене бер, Нұр-Сұлтан»	14.11
